

**Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 "Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 73 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 31 наурызда № 10412-10 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 31 наурыздағы № 87 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 31.03.2026 № 87 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29029 болып тіркелген) келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы:

келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 119-2, 137-3, 267-3, 428-1 жолдарымен толықтырылсын:

"

119-2	Қаратомар су қоймасының учаскесі	50–500	36-дан 76-ға дейін орман қорын қоспағанда
-------	----------------------------------	--------	---

"  
,

"

137-3	Сверлов ауылында сумен жабдықтау құрылысы аумағының шегінде, Қамысты-Аят өзенінің учаскесі	500	75
-------	--	-----	----

"  
,

"

267-3	Атауы жоқ су айдыны	300	35
-------	---------------------	-----	----

"  
,

"

428-1	Үлкен Қашалтыр және Кіші Қашалтыр	300	35
-------	-----------------------------------	-----	----

”;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасында:

1-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

”2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін, балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жаңартылатын энергия көздерін ( гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының 7-тармағымен және 145-1-бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;”.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі*

*К. Аксакалов*

Келісілді

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Қостанай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті"

республикалық мемлекеттік мекемесі

Келісілді

"Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы

комитетінің Су ресурстарын  
пайдалануды реттеу және қорғау  
жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік  
инспекциясы" республикалық  
мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК